

Қазақтың талай дарынды азаматтарының басын қосып, біртуар азамат қылып тәрбиелеген қара шаңырақ – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті екені айтпаса да белгілі. Тарихы тереңге бойлайтын, түлектері еліміздің дамуына аянбай еңбек ететін университетіміздің бүгінде жеткен жетістіктері де аз емес. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті 1943 жылы іргесі қаланғаннан бастап Қазақстанның білімі мен ғылымының дамуына орасан зор үлес қоса отырып, білікті мамандарды даярлауда көшбасшы болып келеді.

Тұғыры биік оқу ордасы

Шымкент қаласының орталығында орналасқан М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіне арман қуып келген студенттер яғни, біздерге барлық жағдай жасалған еді. Бүгінгі күні университетімізде 25 000-нан астам студент білім алады екен. Университетте 1700-ден астам профессор-оқытушылар құрамы студенттерге білім беріп келеді. Осылайша 80 жылға жуық тарихында «үздік» деген ұғымды қалыптастырып, сол тұғырдан түспей келе жатқан М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті – бәсекеге қабілетті, дарынды студенттерді біріктіріп отырған құтты мекен, сыйластық пен шынайы достықтың мекені.

Мен 1982 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы, Дербісек елді мекенінде дүниеге келіп, 1989-1999 ж.ж. Н.К.Крупская атындағы орта мектепте білім алып, 1999-2003 жылдар аралығында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Халықаралық қатынастар және құқықтану» факультетінде «Заңгер» мамандығы бойынша білім алып, үздік дипломмен аяқтадым. Бұл мен үшін үлкен жетістік пен болашағымның есігі іспеттес болды. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті маған мүмкіндерді беріп қана қоймай, қоғамға бейімделуді, көптеген дарынды жастармен бас қосқан орта қалыптастырды. 2008-2010 жылдары Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясында «Заңтану» мамандығы бойынша

білім алып, «Заң ғылымдарының магистрі» академиялық дәрежесін алып, еңбек жолымды 2003-2005 жылдары «Айнабек» кооперативінде заңгер болып жұмыс атқарудан бастадым. 2005-2006 жылдары ОҚО ІІД-нің Қазығұрт АІБ-нің ҚҚБ-нің учаскелік инспектор көмекшісі қызметін, 2006-2007 жылдары ОҚО ІІД-нің Қазығұрт АІБ-нің ҚПБ-нің жедел уәкіл қызметін атқардым. 2012-2014 жылдары ОҚО Шымкент қаласының Әль-Фараби ауданы прокурорының көмекшісі қызметін, 2014-2018 жылдары ОҚО мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы қызметінде жұмыс жасадым. 2018-2021 жылдары Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы, 2021 жылдан бастап Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы қызметін атқардым.

Қорытындылай келе, болашақ жас түлектерге айтарым, білімнің қайнар көзімен сусындайтын, қазақ халқының маңдайына біткен тұлғаларды тәрбиелеген қара шаңырақ – М.Әуезов атындағы ОҚУ-ды таңдауға кеңес берер едім. Әуезов университетімен өз тағдырын байланыстырған әрбір адам болашағына үлкен сеніммен қарайды және бұл үшін университет әрқашан қолдау көрсетуге дайын.

**Рахынбаев Нұрдәулет
Нұрлыбекұлы, Шымкент
қаласының мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының
төрағасы.**